

2

Қауіпсіздік ережелері түсіндірілді



4

Тігін – табысты кәсіп



14 қаңтар, сейсенбі 2025 жыл

Сыр бойы

№5 (20881)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi_kz
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

ТАЛҚЫ

ҰСЫНЫСТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ САРАПТАЛАДЫ

Арал ауданында «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасы талқыланған мәжіліс өтті. Оған ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев, аталған министрліктің өкілдері, жергілікті атқарушы органдардың, су шаруашылығы саласының басшылары, мамандары мен ардагерлер қатысты.

Бахыт Жаханов аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталып, жиынға төрағалық етті.

Министр су шаруашылығында атқарылған жұмыстарды атап өтіп, алдағы міндеттерді айқындады.

– Біз су үнемдеу, трансшекаралық өзендердегі су ресурстарын әділ бөлу мәселесінде көршілес елдермен өзара түсіністікке қол жеткізіп, нақты қадам жасалды. Алдағы уақытта да осындай келіссөздерді жалғастырып, су қоймаларының деңгейін тұрақты ұстап тұруға бар күшімізді саламыз. Жоба ең алдымен өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға, балық шаруашылығы мен туризмді дамытуға және халықтың ал-ауқатын арттыруға бағытталған, – деді Н.Нұржігітов.

«Өңірлік дамыту және Арал теңізінің



Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының 3 негізгі компоненті бар. Соның 2-еуі Қызылорда облысында тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметті қолдауға арналған. Екінші компоненттің бес бағыты – балық шаруашылығы, туризм, жасыл белдеу құру,



егін және мал шаруашылығы. Оған 39 жоба енгізілген, 13-ін Халықаралық «Аралды құтқару қорының» атқарушы дирекциясы, 13-ін жергілікті әкімдіктер, 4 жобаны Балық шаруашылығы ғылыми зерттеу орталығының Арал филиалы, 3 жобаны Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш

шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, 6 жобаны әртүрлі ұйымдар, жеке тұлғалар ұсынған. Жобалар іске асқан жағдайда 1927 адам тұрақты жұмыспен қамтылуы жоспарланған.


2-бет

ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

ҰЛТТЫҚ ТЕАТРДЫҢ БАСТАУЫНДАҒЫ ҚАЛА

«Финуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік Ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр артистері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оның соңынан концерт. Демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр директоры Дінше.»

Бұл – «Еңбекші қазақтың» 1926 жылдың басындағы бірнеше нөмірінде жарияланған хабарландырудың мәтіні.



13 қаңтар – ұлттық театрдың негізі қаланған күн.

Осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын, яғни 1925 жылы сәуірде Ақмешітте, қазіргі Қызылордада өткен Қыргыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің бесінші сьезінде «Халық ағартудың кезекті мәселелері жөнінде» арнайы қарар қабылданды. Онда «тұрмысы жеудеу, артта қалған Қазақстанды шаруашылығы жаңғырған күшті, мәдениетті кеңес республикасына айналдыру» жолдары, соның ішінде ұлт театрын құру мәселесі де атап айтылды. «Қазақтың ұлттық театрын құру жеделдетілісін» деген шешім жеке тармақта жазылды. Алайда, оны орындау күзге дейін кешеуілдеді.

Тарихшы Б.Қойшыбаевтың Қазақ ұлттық театрының алғашқы ұйымдастырушысы және директоры Дінше Әділов туралы мақаласында театрға қатысты тарихи деректер молынан келтірілген.

4-бет

ФОРУМ

ТӘРТІП – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Саналы ұрпақ – болашақ кепілі» тақырыбында форум өтті. Алқалы отырысқа Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Өбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Бас прокуратура өкілі Жасулан Даулембаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, құқық қорғау органдарының, жауапты салалардың басшылары қатысты. Аймақ басшысы осы бағытта атқарылған жұмыстарға тоқталып, форумға қатысушыларға сөттілік тіледі.

– Бүгінгі форум идеологиялық мәні зор, пайымды пікірлерге толы қоғамдық көшбасшылардың ортақ алаңына айналады деп санаймын.

Кездесуге келген сіздердің тәжірибелеріңіз, ойларыңыз, ұсыныстарыңыз алдағы жоспарларымызды нақтылап, ортақ мақсатымызға жетуге септігің тигізеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы республикалық «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында «Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса екен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбеккер болғанын қалаймын» деп, жастар арасындағы зиянды әдеттерге айрықша тоқталып өтті.

Бүгінде жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Әсіресе, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, зансыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау, заңға бағынушы азамат ретінде құқықтық тәлім-тәрбие беру – заман талабы. Елімізде құқық қорғау органдарының тиімді жұмысының нәтижесінде соңғы 5 жылда құқықбұзушылық саны 32 пайызға азайды. Облысымызда да едәуір, яғни 49,7 пайызға төмендеген. Бұл – әлі де азайтуды қажет ететін маңызды көрсеткіш!

2-бет



Суретші: Гүлсәуір Б. Есманов

ДЕНСАУЛЫҚ

САЛАНЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Дені сау адам – мемлекеттің басты байлығы. Ұлт саулығын нығайтып, ауыл халқына сапалы медициналық қызмет көрсету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек» деп атап өткен болатын. Осы орайда елімізде, оның ішінде біздің өңірде де тұрғындар саулығын сақтау, аурудың алдын алу, саланың басты индикаторларының бірі – өмір сүру ұзақтығын арттыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Оған кейінгі кезде салынып, бірінен кейін бірі ел игілігіне берілген әулім де заманауи медициналық нысандар, сатып алынған соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар, өзге де жетістіктер жарқын мысал бола алады.

Мәселен, өткен жылы денсаулық сақтау саласының бюджеті 146,2 млрд теңгеге жетті. Сырдария өзенінің сол жағалауынан 300 тәсік көпбейінді аурухана құрылысы бастау алса, жылына 10 мың адамға қызмет көрсететін облыстық «Қан орталығының» құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірміздің барлық ауданында 27 медициналық нысан салынды. Жаңақорған ауданы «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 тәсікке арналған, 12 мыңнан астам халқы бар «Сексеуіл» кентінде 40 тәсік-орынға арналған ауылдық аурухана пайдалануға берілді. Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» балаларды оңалту орталығы ашылды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласының Баймұрат

батыр елді мекенінде дәрігерлік амбулатория ел игілігіне берілді.

Саладағы 9 нысанның күрделі жөндеуіне 2,2 млрд теңге бөлінді, 6 нысанның жылу жүйелері газға ауыстырылды.

Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 4,6 млрд теңге бөлінді, жабдықталу деңгейі 87,1 пайызға көтерілді.

Облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы 100 пайыз көлікпен қамтамасыз етілді. Кейінгі 2 жылда денсаулық сақтау мекемелеріне 225 жаңа санитарлық автокөлік беріліп, елді мекендердің сұранысы толық қанағаттандырылды.

«Қазақстан халқына» қоғамдық

қорының өңірге бағытталған қаржысына облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» орталығы ашылып, қажетті дәрі-дәрмек алынды.

Облыстық онкология орталығына 1 млрд 100 млн теңгенің скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешені берілді. Мұндай кешен республика бойынша 3 облыста ғана бар. Одан бөлек, көпбейінді облыстық ауруханасына оттегі станциясын сатып алуға, Жаңақорған ауруханасына асцензатор автокөлігін алуға, балалар ауру-

ханасының және фтизиопульмонология орталығының бу қазандығын жаңартуға, орталық емханаға генератор алуға, медициналық колледждің кабинеттерін материалдық-техникалық жабдықтауға және №6 қалалық емханаға сервер алуға тиісті қаржы қаралды.

Қызылорда облысы әкімдігінің, денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен облыстық перинаталдық орталыққа 19,5 млн теңгенің анестезиялық-тыныс алу аппараты және 55,6 млн теңгеге үш операциялық шам сатып алынды. Бұл заманауи медициналық жабдықтар орталықта көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, күрделі операцияларды жоғары деңгейде жасауға, ана мен бала өмірін сақтауға мүмкіндік береді.

Салаға қатысты жетістік тек бұл емес. Дәрігерлер білім жетілдіріп, күрделі ота жасап, тәжірибелерін арттырды. Жалпы аймақтың денсаулық сақтау саласында соны бастамалар, жақсы жаңалықтар, толайым табыстар жетерлік.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Валюта бағамы

\$ 528,52 kzt

€ 539,14 kzt

₸ 5,17 kzt

Ауа райы

+5 +7°



+8° +10°

ҚҰРМЕТ

ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев еңбек ардагерлері Хүсейін Әмір-Темір, Сәдуақас Аңсағат және Мұхит Әбдіқаримовті мерейтойымен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайда: «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Нағыз еңбек адамы бұл – істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс» деген болатын.

Біз елдік істе адал қызмет атқарып, саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырдық.

Бүгін Н.Бексезанов атындағы өнер ордасындағы жарты ғасырға жуық қызметімен қоғам құрметіне кенелген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарының иегері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Хүсейін Жүсіпұлы Әмір-Темір ағамыздың мерейлі 85 жасқа, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы және республикалық «Тіл сақшысы» ақпараттық-танымдық газетінің бас редакторы, мемлекеттік тіліміздің жанашыры, Қармақшы ауданы мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері Сәдуақас Аңсағат ағамыздың 80 жасқа және Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұхит Әбдіқаримов ағамыздың мерейлі 70 жасқа толуына орай арнайы бас қосудамыз.

игілікті істердің жалғасын табуына тілектестік білдірді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұзақ жыл мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек еткен мемлекет және қоғам қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Парламент Сенаты жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесі Еламанов Бекмырза Қайыпұлын 75 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

Іс-шараға Сыр еліне арнайы келген Бекмырза Еламановтың замандас достары, зиялы қауым өкілдері мен еңбек ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы мерейтой иесіне ізгі тілегін жеткізді.

Саналы ғұмырын халықтық іске арнап, елдің мұн-мұқтажын жанымен түсініп, еңбегімен төрге озған ағамыздың бүгінгі мерейтойына ел ағалары, ардақты азаматтарымыз есті естеліктер мен жарқын сәттерді жеткізу үшін жиналды.

Бабаларымыз «Арлы адамның орны – төр» деп, адалдық пен еңбекке бас игендерге қашанда лайықты құрмет көрсеткен.

Сіз Сыр елінің қарышты қадам басуына қомақты үлес қосып, қиын кезеңде елдің жүгін бірге аркалап, игілікті істердің бастамашысы болып құрметті қайраткер атандыңыз.

Қиын да өтпелі кезеңде көпшілікті байытты ережелерге бастап, елді ортақ мүдделге ұйыстыра білген табанды қасиетіңіз сізді қабырғалы қайраткер етті.

Сыр халқы еліміз жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға ауысқан күрделі кезеңде облыстың бірнеше ауданын басқарып, күрмеулі мәселелердің орнықты шешудегі қажырлы еңбегіңізді ерекше бағалайды.

Әсіресе, ауыл шаруашылығы басқармасын басқарып, облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған уақытыңызда аграрлық саланың жандануына елеулі еңбек сіңірдіңіз.

Ауыл тіршілігінің тамырына нәр беріп, туған жердің тұғырлы болуына еткен еңбегіңізді Қармақшы, Жанақорған жұрты айрықша құрмет тұтады.

Сіз Сенат депутаты болған тұста халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар көтеріп, олардың заңнамалық негізделуіне елеулі үлес қостыңыз.

Қазақ халқының дәстүрінде өзіңіздей елге тілеулес, ұлтқа жанашыр жоталы асақалың ардақ тұтып, құрмет төріне озырған.

Сізді жерлестеріміздің, өзіміз атындағы мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ақыл-парасат, даналық пен даралық секілді төр өнегеніз ұрпаққа нұр, ұлтқа ұлағат бола бергей, – деді Н.Нәлібаев.

Жынында мерейтой иесіне ұзақ жылғы



қажырлы еңбегі және елдің өркендеуіне, қоғамның жаңғыруына, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағы беріліп, Құрмет грамотасы табысталды және халқымыздың игі дәстүріне сай сый-сияпат жасалды.

Сонымен қатар мемлекет және қоғам қайраткерлері, Жамбыл облысының әкімі, Қазақстанның Республикасының Әзбекстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі лауазымды қызметтерін атқарған, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Борбай Жексенбин, Парламент Сенатының VII шақырылым депутаты, Алматы облысының әкімі лауазымын атқарған, ауыл шаруашылығы саласының белді маманы, «Құрмет» орденінің иегері Аңсар Мұсаханов, Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары болған, Қазақстан Республикасы Сенатының VII шақырылым депутаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Рашид Әкімов, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет», «Парасат» және II дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері Бакбергін Досмамбетов, Парламент Сенатының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүіесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Наурызбай Байқадамов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Серік Дүйсенбаев мерейтой иесін құттықтап, еңбек жолындағы жетістіктеріне тоқталды.

Жыны сонында Қызылорда облысының және Қызылорда қаласының, Қармақшы, Жанақорған аудандарының Құрметті азаматы Бекмырза Еламанов көрсетілген құрметке алғысын жеткізіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өркендей берудіне тілектестігін білдірді.

ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫСТЫҚ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖАҢА БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен ішкі істер органдарындағы кадрлық өзгеріске орай актив өтті. Оған Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов, селекторлық режимде қала, аудан әкімдері, басқарма, департамент, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары мен ардагерлер қатысты.



2023 жылдың мамыр айынан Қызылорда облыстық полиция департаментінің бастығы қызметін атқарған Аблазимов Махсудхан Нұрманұлы Ішкі істер министрінің бұйрығымен құрметті зейнет демалысына шықты.

Жыныда аймақ басшысы Қызылорда облыстық полиция департаментінің жаңа бастығы Ерғешов Серік Жүрсінбайұлын таныстырды.

Мемлекет басшысы «Қылмыспен күресу

және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызды міндет. Бұл – жауапкершілігі өте үлкен жұмыс. Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Ол үшін құқық қорғау жүйесі үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет» деп атап өткен болатын.

Полиция органдарының жұмысын күшейту, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, құқық қорғау саласында пәрменді шаралар қабылдау басшылық құрамның нәтижелі іс-қимылына тікелей байланысты.

Ішкі істер органдары – қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі. Әсіресе, сақшылардың кәсіби қызметі – зор жауапкершілігімен, тәуекелшілдігімен, қиындыққа төтеп беретін төзімділігімен ерекше құнды әрі мәртебелі.

Бізге қоғам тыныштығын күзетіп, қиын жағдайда шұғыл әрі батыл шешім қабылдап, қызметтік парызын адал атқара алатын полиция қызметкерлері керек. Құқық қорғау органдарының жұмысын жүйелі әрі онтайлы ету үшін өкімдік тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Жауапкершілігі зор, күрделі салада Серік Жүрсінбайұлының білімі мен біліктілігі, кәсібилігі, пайымды басшылығы, жинақтаған мол тәжірибесі жетеді деп санаймыз, – деді Н.Нәлібаев.

Мәжілісте Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сәрсенов жаңа басшының еңбек жолына тоқталып, қызметіне сәттілік тіледі. Сонымен қатар, Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбол Тұңғышбай, басқа да сала ардагерлері өз құттықтауларын жеткізді.

Серік Жүрсінбайұлы Ерғешов 1979 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын 1996 жылдан ішкі істер органдарында бастаған. Ұзақ жылдар бойы ОҚО ІІД Шымкент қаласының ішкі істер басқармасында түрлі басшылық қызметтер атқарған. 2019 жылдан Шымкент қаласы ІІД бастығының орынбасары қызметінде болды.

Айта кетейік, 2022-2024 жылдар аралығында полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 8 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді. Биылдың өзінде 3 млрд теңгеге жуық қаражат қарастырылған. Қылмысты уақытты ашу және желел ерекет ету үшін бейнебақылау камералары желісін көбейтуге мүмкіндік жасалды. Облыстың жеті ауданына 539 бейнебақылау, 49 жылдамдық өлшегіш камерасы орнатылды. Республикада алғашқы болып Қызылорда облысындағы барлық ауданда полиция бөлімдерінің Жедел басқару орталықтары іске қосылды. Бұл орталықтар ұсақ құқықбұзушылықтан бастап ауыр қылмыстардың ізін анықтауға және сақшылардың жұмысын онтайлы етуге жол ашты.

Сонғы 3 жылда департаментке жаңа үлгідегі 128 автокөлік табысталды. Биыл 52 қызметтік автокөлікпен қамтамасыз ету жоспарлануда.

БРИФИНГ

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Бүгінде Сырдария өзеніне жоғарыдан секундына 448 текше метр су келіп тұсады. «Керкелмес» су бекетінен 5 шақырым жоғары тұста өзенде сен жүргені байқалады. Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде су тасқынының алдын алу және дайындық шаралары туралы кеңінен айтылды. Сонымен қатар, алдағы күндері өтетін «Крещение» мерекесіне орай су айдындарындағы қауіпсіздік ережелеріне ерекше назар аударылды.

Облыс аумағынан өтетін Сырдария өзенінің ұзындығы 1274 шақырым, ал өзен бойындағы қорғаныс бөгеттерінің жалпы ұзындығы 625,12 шақырымға жетеді. Су тасқыны қаупі бар 29 елді мекенде 70 мыңнан астам тұрғын, 14 мыңға жуық тұрғын үй орналасқан. Осы уақытта ықтимал су тасқыны кезеңінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дайындық жұмыстары белсенді жүргізілуде. Атап айтқанда, 53 эвакуациялық жинақтау және 36 қабылдау пунктін дайындады. Қысқы кезеңде 22 орналасу пунктін және 13 учаскеде жылыту пунктін жұмыс істеп тұр. Авариялық-құтқару жұмыстарына азаматтық қорғау қызметтерінің күштері мен құралдары да әзір, – деді облыстық ТЖД ТЖ алдын алу басқармасының бастығы Бейбітхан Спанов.

Бүгінде су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, балық аулау кезінде және алдағы «Крещение» мерекесінде жазатын оқиғалардың алдын алу үшін «Мұз» акциясы ұйымдастырылуда. Науқанда 4000-нан астам тұрғын, оның ішінде 200-ден астам балықшыға қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар, облыстық төтенше жағдайлар департаменті су айдындарында қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін күнделікті сағат 14:00-ден 19:00-ге дейін рейдтік-профилактикалық шаралар өткізуде.

Бұл шараларға «МИ-8» және «Еврокоптер» тікұшағы, дрондар, «Марш» және «Тркол» жоғары өтімді техникалары жұмылдырылған.

Сондай-ақ «Крещение» мерекесі кезінде белгіленбеген және жабдықталмаған жерде шомылуға, құтқару қызметі мен медицина қызметкерлерінің бақылауына суға түсуге тыйым салынған. Мұз үстінен тікелей суға түсуге және алкогольдік ішімдік ішіп, мас күйде шомылуға болмайды, – деді облыстық ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Гафур Ақмырзаев.

ТӘРТІП – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



Сол себепті, біз аймақта тұрақтылықты сақтау және құқықбұзушылықты болдырмау бағытында барлық деңгейдегі құқық қорғау органдары басшыларымен бірге алқалы жиындар, түрлі кездесулер, ашық қабылдаулар өткізіп келеміз. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқық қорғау органдарымен сенімді әрі сындарлы диалог орнатуына жол ашты.

Халқымызда «Тәрбиелі адам – тағалы атпен тең» деген жақсы сөз бар. Тәртіп бар жерде өркеніетті қоғам қалыптасатынын бүгінгі ұрпаққа жеткізу – біздің басты міндетіміз. Саналы ұрпақ тәрбиелеу – мәртебесі биік, маңызды зор ұлттық міндет. Әділетті Қазақстан құру жолындағы ізгі мақсат-мұратымызға бекем бірлікпен, тату тірлікпен, толайым жетістікпен жете берейік! Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Форум жұмысына сәттілік тілеймін! – деді аймақ басшысы.

Жыныда Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Сейтқалиұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Абдуламитұлы, облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, Нұрлан имам Байжігітұлы, Олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимов, актер-режиссер Рүстем Омаров сөз сөйледі.

Сонымен қатар, іс-шарада «Нашақорлыққа жол жоқ!» бір айлық акциясының нәтижесімен белсенді қатысушылар марапатталды.

ҰСЫНЫСТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ САРАПТАЛАДЫ



Солтүстік Арал теңізінде су жинақтаудың көлемі мен тиімділігін арттыру, су ресурстарын басқаруды жақсарту, балық шаруашылығы мен экотуризмді дамыту, өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту бойынша маңызды бастамалар төңірегінде сөз сөзіндік астам мамандар қатарында Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, Су шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Нұрбек Серіков, Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі комитет төрағасы Сейітбек Нұрмұбетов, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Сермағамбетов, Халықаралық «Аралды құтқару қорының» Қазақстан Республикасындағы дирекциясының атқарушы директоры Серікәлі Мұхатаев, Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы Арал филиалының директоры Тынысбек Баракбаев, Қаз ССР Балық шаруашылығы министрі қызметін атқарған ардагер Құдайберген Саржанов және осы жоба бастамашысы, эколог жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы бар.

Жыныда қуаты арттырылатын «Көкарал» бөгетінің су деңгейін 46 метрден 50-51 метр биіктікке дейін көтеру туралы ұсыныс айтылды.

Н.Нұржігітов ұсыныстар жан-жақты талқыланса, тиімділігі сала мамандарымен бірге сараланатынын жеткізді.

ТАҒЫМ

ӨНЕГЕСІ ӨМІРШЕҢ ЖАН

Адамның биологиялық өмірі аяқталғанымен, оның екінші – әлеуметтік өмірі басталады. Оны жалғастыратын артында қалған ұрпағы мен атқарған қызметі, айтылған сөздері, жазған еңбектері, аңызға айналған естеліктері.

Дүниеден өткеніне жыл толған Алма Танабайқызы Ақдаулетованың өмірі сан салалы, терең, жарқын, мазмұнды, ел үшін атқарған қызметтеріне, аңыз бен әңгімеге, естеліктеріне бай.

Ол 1933 жылы 8 наурызда Алматы қаласында жоғары дәрежелі жауапты қызметкердің отбасында дүниеге келді. Әкесі Ақдаулетов Танабай партия, совет органдарында қызмет атқарып, 1937 жылы Қызылорда қаласын облысқа айналдыру жөніндегі ұйымдастыру комиссиясының төрағасы болып бекітілген. Соған байланысты Қызылордаға қызмет ауыстырады. Сол жылдардағы зобаланың құрбаны болып, 1938 жылы қаза тапқан. Тағдыр мен замана ірімі Алма Танабайқызын анасымен бірге Қызылордада қалдырды. Ол Сыр бойында бой жетіп, білім алды, отбасын құрды, ана, әже атанды. Жүнісов Ерназар мақсұм әулетінің үлкен келіні, Нұрлыбек Жүнісов сияқты белгілі азаматтың жары болды.

Алма Танабайқызы Қызылорда пединститутының жаратылыстану факультетін бітіріп, кандидаттық диссертация қорғады. Пединститутта 14 жыл жұмыс істеп, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. 1973-1983 жылдары облыстық әйелдер қоғамының төрайымы, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Облыстық советтің депутаты болып бірнеше рет сайланды. Жоғары лауазымдық қызметтер, ата-анадан көрген өнегесі елдің тынысын сезіп, халықпен етене араласуына, байланысты ойымен, сезімталдығымен, елдің қажетін жақсы түсініп, дұрыс шешімдер қабылдауына, көптің көңілінен шығатын жолдарды аласпауына, кәрімен де, жаспен де оңай тіл табуына ықпал етті.

Алма Танабайқызы сыйлы келін, сырлас жемге, абысын, ардақты ана, қадірлі әже, қазақ әйелінің, зиялылықтың, әдеміліктің символы болды. Оның биік тағамы, сырбаздығы, жарқын ойға толы сөздері кімді болса да тамсандыратын, еліптегі қоймайтын. Табиғат берген әдемілігі қараған адамның көзін тойдыратын. Оған қарап қазақ қыздары, әйелдері бой түзеді.

Ол кез келген адаммен тез тіл табысатын. Жақындармен, әсіресе, жастармен сөйлескенді ұнататын. Заманның ағымды жақсы сезетін көкірегі ашық адам болатын. Оған қазіргі заман, оның еркіндігі, тәуелсіздігі ұнайтын. Өз қабілетін ашуға беріліп отырған мүмкіндіктерді пайдаланып, өмірді, өзін өзгертіп жатқан жастарға қызыға қарайтын.

Менің өмірімде ағам Нұрлыбек Ерназарұлы мен жемем Алма Танабайқызының орны ерекше болды. Олар ата-анамдай қамқорлық жасады. Жығылсам тұрғызып, жанымды жұбатты, жылы сөздерімен, қаржылай көмегімен армандарға жетелеп отырды. Алматы қаласында ғылыми-зерттеу институтының аспиранты болған шақта отбасыма



қамқорлық жасап, ғылым жолын таңдауыма, кандидаттық диссертацияны сәтті қорғауыма үлкен қолдау көрсетті. Менің жетістігім – олардың жетістігі, менің қуанышым – олардың қуанышы болды.

Алма Танабайқызы жоғары лауазымға көтерілсе де, билікке бой алдырып, адамгершіліктен аттаған жоқ. Өзінің қарапайымдығымен, кеңдігімен, кішіпейілдігімен ел аузында қалды. Мансап пен қызметтің уақытша екенін, ал адам жанында қалатын отбасы, туыстары екенін жақсы түсінді. Өз отбасында бірлікті, мейірімділікті дәртіптеді.

Оны тағдыр аямады, өмірінің соңғы жылдары жалғыз ұлы Ғалымның қазасы жүрегің жұлып кеткендей болды. Бірақ қайғыны салқилы ойға жездіріп, сабырға келді, немерелерінің өмірде аяғын нық басып, бекем болуына өзінің қамқорлығы, қолдауы керектің жақсы түсінді. Өзінің амандығы, қастарында болуы олар үшін үлкен дему екенін түсініп, үмітін болашаққа артты.

Алма Танабайқызы парасатымен, терең оймен, сыйпай, сабырлы мінезімен, ұстамдылығымен, елге жасаған қызметімен облыс тарихында қазақ әйелінің жана бейнесін қалыптастырған тарихи тұлға ретінде аталады.

Артында қабырғалы елі, немерелері мен шөберелері қалды. Қазір олар елдің адамы болған әжелерінің жасампаз әрекетке, тарихқа толы өмірбаянымен танысып, оны мақтан етеді.

Алтынбек ЕРНАЗАРОВ, дербес зейнеткер, биология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, Сырдария ауданының Құрметті азаматы

ЖОБА

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 593 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 12 қазандағы №593 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4330 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін: діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы « » № _____ қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы «12» қазандағы № 593 қаулысына қосымша

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы

Table with 3 columns: №, Арнайы тұрақты үй-жайлардың атауы, Арнайы тұрақты үй-жайлардың мекенжайы. Rows include 'Жамағат' and 'Жаня' дүкені.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



ЖАРИЯ ШАРТ №2

Тұрғын үйлерде тұратын жеке тұлғаларға тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару қызметін көрсету туралы Қызылорда қ. « » 2025 ж.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін мекеме басшысы м.у.а. М.Жүсіп, әрі қарай – «Қызмет ұсынушы» бір жақтан, оған әрі «Қызмет алушы» – үй тұрғыны одан әрі – «Тұтынушы» екінші жақтан төмендегідей келісім-шартты жасасты.

1.КЕЛІСІМ-ШАРТ МӘНІ: 1.1. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 367-бап 3-бөлігіне сәйкес, тұрғын үйлерде тұратын жеке тұлғалар жария шарттар негізінде орналастырылған жүйені пайдалануға және жергілікті өкілді органдық тәртіпте сәйкес қалдықтарды тасымалдауы үшін көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге міндетті. «Коммуналдық қорғаныс қызметінің тиісінше және коммуналдық қорғаныс қызметтері ұсынуының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2020 жылғы 29 сәуірдегі №249 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес, «Қызмет ұсынушы» мен «Тұтынушы» арасындағы ақы келісім-шартта қарастырылған қарым-қатынас қосымша жоспарды реттеу, жинауды пайдалану талаптарымен реттеледі. Жоғарыда көрсетілген заңнамалардың талаптарына сәйкес, «Қызметті ұсынушы» «Тұтынушылардың» шығаратын тұрмыстық қатты қалдықтарын (бұдан әрі – ТҚҚ) бекітілген кестеге сәйкес ақту қызметін көрсетеді. Ал «Тұтынушы» осы шартта көрсетілген қызмет үшін бекітілген баға бойынша төлемекші жүргізеді.

- 2. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ҚУҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ: «Қызмет ұсынушы»: 2.1. ТҚҚ-ды компотерлі тұрғын үйлердің ТҚҚ тастауға арналған контейнерлер алаңының аумағының тазалығын сақтай отырып күнделікті, ал жеке секторлардан бекітілген кесте бойынша әктуге міндеттенеді; 2.2. ТҚҚ әккенін үшін «Тұтынушыдан» ай сайын уақытылы төлемекші алуға құқылы. Қоқас шығару қызметіне төлемекші Қызылорда қалалық мәселешаттығының 14.11.2023 ж. №81-10/10 санды шешімімен бекітілген 2024 жыл басынан қолданысқа енгізілген төлемекші тариф бойлаға есептеледі; 1. Жайлы үйлерге (қонжапаты үйлер мұрағидарына) адам басына – 388,01 теңге * ___ = ___ 2. Қызылорда қаласындағы (жеке сектор тұрғындарына) адам басына – 454,80 теңге * ___ = ___ 3. Контейнерді бір мәрте ақтау бағасы – 1624,26 теңге. «Тұтынушы»: 2.3. ТҚҚ-ға төлемекші мөлшерінің дұрыстығын білуге құқылы. 2.4. Қонжапаты үйлердің тұрғындарына ТҚҚ-ды арнайы орынға тәуелсіз кез келген уақытында шығаруға шектеу қойылмайды және жеке үйлерде тұратын бекітілген кестеге сай қызмет ұсынушының ТҚҚ-ды алып кететін күні таңғы 06:00-08:00 сағат аралығында тек мекен-жайының қоше бетіндегі ауласының алдына шығаруы тиіс. 2.5. Темір қорғатарға тек қана тұрмыстық қоқас қалдықтарын тастауға. 2.6. Екі жағындар, құрылыс қалдықтары, кесілген ағаштар, шабылған шоп, малдың астынан шығарылған тезектері және тағы да басқа тұрмыстық қатты қалдықтарға жатпайтын қоқыстарды басқа тәртіппен, бөлек тапсырыс беру арқылы қызмет алуға қажет. 2.7. Петерлерде және жеке үйлерде тұратын нақты адамдардың саны өзгерген және адамдар қонысын ауыстырған жағдайда ол жөнінде «Қызмет ұсынушыға» тиісті түрде хабарлауға. Қоқас шығару қызметінің төлемекшісі қасса арқылы және «KASPI KZ» және «HOMEBANK» мобилдік қосымшасы арқылы төлеуге болады. Қалалық мекен-жайлары: 1) Мүсірепов №77 А – «Аян» дүкені 2) Қазыбек би №24 – «Электроника» дүкені 3) Жетқосан №156 – «Қызылорда су жүйесі» МКК-нің ғимараты 4) Ақмешіт №18 үй 5) М.Жұмабаев 3 – «Манас» дүкені 6) Глендиев 9 – «Қызылорда тазалығы» ғимараты. 2.8. Жария шарттың мерзімі шектеусіз. 2.9. Бұл жария шарт тиісті түрде жарияланған уақыттан бастап күшіне енеді.

3. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР 3.1. «Тұтынушы» тарапынан көрсетілген қызметтің төлемекшісі уақытылы төленбеген жағдайда, «Қызмет ұсынушы» ҚР қолданыстағы заңды шеңберінде сот органдары арқылы мәжбүрлі түрде оңдату құқылы. Тұрмыстық қатты қалдықтарды ортуге, қоғамдық орындарға қоюға (қоше бойына), қонжапаты үйлердің ауласына, контейнерлік алаңдардың айналасына) және темір қорғатарларын ішіне құрылыс қалдықтарын тастауға қатаң тыйым салынады. Құрылыс және басқа қалдықтарды шығаруға қатысты сұрақтарға 22-10-26, +7 777 454 28 14 телефондар арқылы байланысуға болады. Осы келісім-шарт бойынша компотерлі тұрғын үйлердің тұрмыстық қатты қалдықтар салуға арналған контейнерлеріне жеке сектор тұрғындарының тұрмыстық қатты қалдықтарын тастауына қатаң тыйым салынады.

4. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Table with 2 columns: ҚЫЗМЕТ УСЫНУШЫ (ШЖҚ «Қызылорда тазалығы» МКК) and ТҰТЫНУШЫ (Аты-жөні, Мекен-жайы, ЖСН, Телефон, тұтынушының қолы).

ПУБЛИЧНЫЙ ДОГОВОР №2

на оказание услуг по вывозу твердо-бытовых отходов для физических лиц проживающих в жилых домах г. Кызылорда « » 2025 г.

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Кызылорда тазалығы», пр.п.о.руководителя учреждения М.Жүсіп, действующий на основании Устава, и именуемый в дальнейшем «Услугодатель» с одной стороны и именуемый в дальнейшем «Потребитель», ушша _____ с другой стороны, заключили настоящий договор о нижеследующем.

- 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА 1.1. В соответствии с частью 3 статьи 367 Экологического кодекса Республики Казахстан 2021 года (далее - Кодекс) физическое лицо, проживающее в жилых домах, обязано использовать централизованную систему на основе публичных договоров и оплачивать услуги по перевозке отходов в соответствии с тарифами, утвержденными местным представительным органом. В соответствии с приказом министра индустрии и инфраструктурного развития РК от 29 апреля 2020 года №249 «Об утверждении перечня коммунальных услуг и типовых правил предоставления коммунальных услуг» и требованиями Гражданского кодекса Республики Казахстан, взаимоотношения между «Услугодателем» и «Потребителем», предусмотренные настоящим Договором, осуществляются на условиях планового регулирования, использования сбора мусора регулируется. В соответствии с требованиями вышеуказанного законодательства «Услугодатель» оказывает услуги по вывозу твердых бытовых отходов (далее - ТБО), произведенных «потребителем», в соответствии с утвержденным графиком. А «Потребитель» производит оплату за услуги, указанные в настоящем Договоре, по установленной цене. 2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН: «Услугодатель»: 2.1. ТБО из многоквартирных домов вывозится ежедневно, а из частного сектора по утвержденному графику с соблюдением чистоты территории площадок контейнеров для сбора ТБО многоквартирных жилых домов; 2.2. За вывоз ТБО «Потребитель» имеет право на своевременную ежемесячную оплату. Плата за услуги по вывозу мусора рассчитывается в соответствии со следующим тарифом, введенным в действие с начала 2024 года, утвержденного решением Кызылординского городского маслихата от 14.11.2023 г. №81-10/10: 1. Жители многоквартирных домов за одного человека – 388,01 теңге * ___ = ___ 2. Жители частного сектора за одного человека – 454,80 теңге * ___ = ___ 3. За вывоз одного контейнера – 1624,26 теңге. (вывоза) «Потребитель»: 2.3. Знать правильность размера платы за ТБО. 2.4. Жителям многоквартирных домов не запрещено вывозить ТБО на специальное место в любое время суток, а жители частного сектора должны вывозить ТБО в соответствии с утвержденным графиком в период с 06:00 до 08:00 часов в день вывоза ТБО поставщиком услуг только перед двором на улице своего адреса. 2.5. Старую мебель, строительные отходы, срубленную древесину, скошенную траву, навоз из-под скота и другой мусор, не относящийся к твердым бытовым отходам, необходимо оплатить по другому тарифу, записавшись отдельно. 2.7. Своевременно предоставлять соответствующие документы об изменении количества жителей проживающих в квартире. Оплатить услуги вывоза мусора можно через кассы и онлайн переводом через мобильные приложения «KASPI KZ» и «HOMEBANK». Кассы расположены по следующим адресам: 1) Мүсірепов № 77 А – магазин «Аян» 2) ул.М.Жұмабаев 3 – магазин «Манас» 3) Қазыбек би № 24 – магазин «Электроника» 4) Жетқосан № 156 – здание ГКП «Қызылорда су жүйесі» 5) Ақмешіт дом № 18 6) Глендиев 9 – здание «Қызылорда тазалығы» 2.8. Срок действия публичного договора неограничен. 2.9. Настоящий договор вступает в силу со дня опубликования. 3. ПРОЧЕЕ УСЛОВИЯ 3.1. В случае несвоевременной оплаты «Потребителем» за услуги вывоза ТБО «Услугодатель» имеет право обратиться в местные судебные инстанции в рамках действующего закона РК. Строго запрещается вывоз твердо-бытовых отходов поджигать, выставлять в таре в общественных местах (на обочине дорог). Во дворах жилых домов а также возле контейнерных площадок. По всем вопросам касательно вывоза строительных отходов обращаться по следующим контактным номерам: 22-10-26, 8 777-454-28-14 4. ЮРИДИЧЕСКИЕ АДРЕСА СТОРОН:

Table with 2 columns: «УСЛУГОДАТЕЛЬ» (ГКП на ПВХ «Кызылорда тазалығы») and «ПОТРЕБИТЕЛЬ» (ФИО, Адрес, ИИН, Телефон, Подпись потребителя).

Аудан жаңалықтары



Заңсыз жарнамаға орын жоқ

Қала аумағында заңсыз орналастырылған және шаһардың сәулеттік келбетіне кері әсерін тигізетін сыртқы көрнекі жарнамаларға бақылау жүргізілуде. Мониторинг барысында қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің мамандары заңсыз ілінген жарнамалық баннерлерді анықтап, кәсіп иелеріне тиісті ескерту берді. Сонымен қатар, қаланың көркін бұзып тұрған жыртылған, ескірген және заңсыз ілінген ақпараттық тақтайшалар да алынып тасталды.

24/7 тамақтану орталығы ашылды

Ауданда алғаш рет 24/7 қызмет жасайтын «Gigmap» тамақтану желісі ашылды. Жаңа орталықты кәсіпкер Мейрамқұл Матаева ашып, аудан тұрғындарына 24/7 қызмет көрсетеді. Тамақтану орталығында түрлі тағам дайындалады. Кәсіпкер 10 адамды жұмыспен қамтыған. Кәсіп ашудағы негізгі мақсат – аудан тұрғындарына тиімді бағада қызмет көрсету.

Инклюзивті білім берудің маңызы зор

Аудандық білім бөлімі «Ерекше білім беру жүйесін дамыту: ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қолдау» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне арнап семинар ұйымдастырды. Оған 50-ге жуық мұғалім қатысты. Семинарда білім бөлімінің әдіскері Назира Амангелдіқызы инклюзивті білім беру аясында нормативтік құжаттар мен психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының ерекшеліктеріне және аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Басқосу соңында кері байланыс жүргізіліп, мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмасты.

Нақты тапсырмалар жүктелді

Аудан әкімінің орынбасары Айдын Әнуар тиісті сала қызметкерлерімен бірге су тасқынының алдын алу мақсатында «Қараөзек» арнасына мониторинг жүргізді. Сонымен қатар, «Қожатай» су тоспасы арқылы «Жұмағұл» каналымен «Қаракөл» көліне су жеткізу және жоғарыдан келген суды тиімді пайдалану мәселесі бойынша сала мамандарына нақты тапсырмалар берілді. Күнделікті мониторинг жүргізіп, бақылауды күшейтуді тапсырды.

Тұрғындар мәселесі тыңдалды

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов аудан тұрғындарын кезектілік тәртібімен жеке мәселелері бойынша қабылдады. Тұрғындар жұмысқа орналасу, тұрғын үй кезегіне тіркелу және басына алу мәселелерімен жүргізді. Қабылдауда заңға сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізді. Айта кетейік, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

Қорғаныс бөгеттері тексерілді

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың тапсырмасына сәйкес, жұмысшы топ Сырдария өзенінде су көлемінің көбеюіне байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. А.Токмағамбетов елді мекеніне қарасты «Домостроитель», «Весна», «Теплоснобженец» және «Бумажник» саяжайларында тұратын тұрғындарға мол су келу кезіндегі сақтық шараларын түсіндіріп, ескертеп хаттар таратты. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің бойындағы қорғаныс бөгеттерінің қазіргі жағдайына зерделеу жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі күні өзенде жағдай қалыпты, 332 текше метр су өтуде.

Іскер аналармен кездесті

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков «Руханият орталығында» ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан іскер әйелдермен кездесті. Шараға аудандағы әйелдер кеңесінің төрайымы, әр елді мекеннің белсенділері және мектеп директорлары қатысты. Кездесу барысында аудан әкімі әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы көрсеткіштерімен таныстырып, алдағы жоспарын білесті. Сондай-ақ жетістіктеріге қол жеткізуде нәзікжандылардың да өз үлесі бар екенін айтты.

Заң талаптары түсіндірілді

М.Қаратаев атындағы №51 мектеп оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын алу тақырыбында арнайы кездесу өтті. Шараға «Аманат» партиясы мен құқық қорғау органдарының өкілдері, мектеп әкімшілігі және жастар орталығының қызметкерлері қатысты. Мамандар оқушыларға заң талаптарын түсіндіріп, құқықбұзушылыққа жол бермеу үшін қандай заңддықтарды сақтау қажет екенін айтты. Сондай-ақ жастар арасында жиі кездесетін тәртіп бұзушылық түрлері мен олардың салдары жөнінде нақты мысалдар келтірілді. Кездесу соңында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, мамандардан кеңес алды.

Дайындаған Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ҰЛТТЫҚ ТЕАТРДЫҢ БАСТАУЫНДАҒЫ ҚАЛА



«Өнерпаздар әуелі Қазақстанның бес жылдығын тойлау күндерінде – 1925 жылдың күзінде астанада бас қосқан және Қызылорданың мерекелі орындарында ән шырқаған. Әйгілі палуан Қажымұқанның көшпелі цирк аренасында өнер көрсетуі ең атышулы, атакты оқиға болған екен. Мерекелі іс-шаралар аяқталған соң, 22 қазанда республиканың Ағарту халкоматында жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен қазақ театры жайында кеңейтілген арнайы мәжіліс өткен. Сонда халком Смағұл Сәдуақасұлы ұлт театрын ашу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндама жасады» делінген біз негізге алған мақалада.

Қазақ би өнерінің негізін салушы Шара Жиенқұлованың «Өмірім менің – өнерім» атты өмірбаяндық кітабында қазақ театрын құру қалай басталғаны суреттелген. Кітаптың Қ.Жандарбеков туралы тарауында: «Күндердің күнінде Құрманбек Қызылордадан шығатын «Еңбекші қазақ» газетін оқып отырып құлап қалатындай және бір жағдайға кезгелді. Газетте мынадай хабарландыру басылды: «Қызылорда қаласында тұнғыш ұлт театры ашылады. Соған мүше болуға жер-жерден өнерпаздарды шақырады...» деген. Семей жағынан Әміре Қашаубаевты және төлке ақын Иса Байзақовты, Қарқаралыдан күлдіргіш Қалибек Қуанышбаевты, Қостанайдан сауықшы Елубай Әмірзақовты әмбе Серке Қожамқұловты, Алматы қаласынан Құрманбек Жандарбеков, тағы басқаларын шақыратынын жариялаған» деп жазды.

С.Сәдуақасов 1925 жылы «Еңбекші қазақ» жариялаған мақаласында «Бізде ойнаушылар (артист) бар ма? Әрине бар. Бірақ біздің ойнаушыларымыз әлі төселмеген. Жалпы көптің ішінен әлі бөлініп шыққан жоқ. Біздің артистеріміз әлі өздерінің жолын да анықтаған жоқ. Біздің артистеріміз әрі өлеңші, әнші, әрі ақын, әрі палуан, орысшалап айтқанда, біздің артист операнда қандай ойнаса, циркте де сондай ойнауға шамасы келеді.

Кейде артистеріміз пьеса жазушы да болып шығады. Быыл Семей губерниясында болған «Қоянды» жәрмеңкесінде олар талай ойындар көрсеткен. Ұсталар үстіне қоян болып секіріп шығып, үстінде тұрған қымыз, самауыр, шыны-аяқ соның бәрін қимылдатпай қайта жерге түсіп, қайтадан үстелге шығып, сол сықылды басқа ойындар көрсеткен. Көрген кісілердің айтысына қарағанда, осы жігіт театрда ойнауға да жарайтын болса керек. Быыл жаз Парижде көрініске барып келген Әміре Қашаубайұлын алайық. Бұл өте жақсы ән салатын жігіт. Әміренің әні туралы орыстың журналдарында, газеттерінде көп сөз жазылды. Бәрі де Әміренің әншілігімен қабат оның артистігін де мақтайды. Әміре «Ағашаяқ» деген өлеңді айтқанда шын артист болып кетеді. Қандай салмақты отырған адам «Ағашаяқты» естігенде еріксіз күліп жібереді. Күлдіретін сонда «Ағашаяқты» өлеңі емес, Әміренің өнері, оның жылдамсыраған дауысы, қыржиган беті, жұмылған көздері, қысқасын айтқанда, Әміренің артистігі, – деп жазды.

Ұлт театрының іргетасы қалану кезінде осындай естеліктер, игі іске жұмылған азаматтардың жанашырлығын, жаналыққа ұмтылысын анық көрсетеді.

Ресми деректерде театрдың ашылған күні 1926 жылғы 13 қаңтар, алғашқы қойылымы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» деп жазылғанмен, 13 қаңтар күні Қошқе Кемеңгеровтің «Алтын сақина» атты пьесасы қойылған деген дерек бар. Мақала басында көрсетілгендей, сол кездегі «Еңбекші қазақтың» 1926 жылдың басындағы бірнеше нөмірінде

«Гинуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік Ұлт театрының ашылу мерекесі болды. Театр артистері Кемеңгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оның соңынан концерт. Демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр директоры Диниш» деген хабарландыру басылды.

Б.Қойшыбаев алғашқы қойылымға қатысты деректің бұрмалануын Динишпен де, Қошқенің де саяси репрессияға ұшырауымен байланыстырады. «Бірақ «Еңлік-Кебек» – Әуезов театрының алғашқы қойылымы» деген дерек ойдан шығарылмаған, ол шынында да құрылу үстіндегі жас театр артистерінің сахнаға шығарған алғашқы спектаклі болды. Тек ол кеңестік мәдениет тарихы айтатын 1926 жылғы 13 қаңтардағы қазақтың ұлттық театрының салтанатты түрде ашылуында емес, саяси тұтқын, саяси репрессиялардың алғашқы толқынында 1930 жылы атылып кеткен Диниш Әділұлы атап айтқан оқиғаға орай – Қазақ өлкелік партия ұйымының Бесінші конференциясы құрметіне ойналған» дейді.

Автордың жазуында, «Еңбекші қазақтың» кейінгі нөмірлерінде де ұлт театрының қызметі, арнайы ұйымдастырылған бөйге, жекелеген спектакльдерді қоюшы режиссерлер, ойнайтын артистер, бөйге түскен туындыларды сараптайтын комиссия құрамы жайында деректер үзбей жарияланып отырған. Сондай жарнамалардың бірінде бөйге түскен пьесаны талқылауға көрермендердің де қатысуына мүмкіндік берілгені жазылған. «Жеті кісіден сыншы комиссия ойында болып, пьесаның артық, кем жерлерін бақылап отырады», деген хабардан комиссия құрамында ағарту халкомы Смағұл Сәдуақасов, өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ораз Жандосов, орыс театрының режиссері Михаил Насонов, ақын-жазушылар Бейімбет Майлин, Молдағали Жолдыбаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытовтың болғанын байқаймыз.

Б.Қойшыбаевтың зерттеулеріне қарағанда, бар болғаны төрт айға созылған бірінші театр маусымында 12 премьера, ұзын саны 20 рет спектакль қойылған. Пьесаны сахнаға дайындауға уақыт тым аз, сондықтан әрі кетсе бір-екі-ақ рет ұсынылатын. Спектакльдер концерттік ойын-сауықтармен астастырыла, соңынан ән-күй, эзіл-сықақ, тіпті, цирктік нөмірлер орындалатын. Ешқандай кәсіби білім алмаған таланттар театр артистері болып қызмет атқарды, түрлі образдарды сомдады. Аяғынан қаз тұрып келе жатқан ұлттық театр өнерінің бастауында осындай ерен еңбек жатыр.

Ш.Жиенқұлованың кітабында «Құрылғанына екі жыл болған Қазақ драма театры Қызылордадан Алматыға гастрольге келді. Атақ-даңқына сырттай қанық ұлттық драма өнерінің тұнғыш қарлығаштары Қалибек Қуанышбаев, Елубай Әмірзақов, Серәлі Қожамқұлов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков, Жұмат Шанин, тағы басқалары спектакльдер қойып, озық өнерлеріне жұртшылықты тәнті етті» деп жазылған. Бұл Қазақ ұлттық театры құрылғаннан бастап репертуар мәселесіне, ол үшін драматургтерді ынталандыруға жете мән бергенін, режиссерлердің де, артистердің де екі жыл ішінде кәсіби жағынан толысқанын аңғартады.

Қызылордада іргетасы қаланған қазақ театрының өркендеуіне ұлттық театр өнерінің бастауында тұрған артистер де, басшылар да барын салды. Осылайша керегесін тіктеген қазақ театры бүгінгі биік белесіне көтерілген.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

/// РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН



2025 БЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БОЛМАҚ

– Тауды бұзып, тасты жарып, Тамшылаған ащы тер. Ол қайратты, ол қажырлы, Қайтпас қайсар жұмыскер, – деп Асқар Токмағамбетов айтқандай, ақиқатында жұмысшы қауым қайтпас қайсар, аса бейнеткеш әрі еңбеккер жандар екені ежелден белгілі.

Елімізде жұмысшы мамандықтарының беделін одан әрі арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің «Жұмысшы мамандықтарының жылын жариялау туралы» Жарлығы шықты.

Бүгінде жұмысшылар күн райының аптап ыстығы мен суығына қарамастан өз міндеттерін адал, таза әрі сапалы атқарып келеді. Бұл атадан балаға жалғасып келе жатқан ең жақсы үрліс екенін айтуымыз керек. Бұны болшақ ұрпақ білуі тиіс. Осындай орайы келген сөзге:

– Жалғастырып үрдісті,
Жол салушы, құрылысшы,
Тазалықшы күн-түн,

Тындыруда түрлі істі.

Көктем кезде күрішші,
Егуді бастар күрішті.
Күзде жинап қамбаға,
Құяды мол ырысты.

Малшы, шопан, бақташы,
Егінші, сушы, бақшашы,
Бұлардың бәрі әр кезде,
Жақсы істердің жақтасы.

Келелі іс көп көрікті,
Қоғамдық түрлі көлікті,
Ерте тұрып, кеш жатып,
Басқаруда бөрікті, – дегім келеді.

Иә, аспазшы, тігінші, слесарь, сантехник, монтёр, мұнайшы, дорігер, мұғалім, технолог, энергетик, құтқарушы, сақшы, сатушы, тағы басқа түрлі мамандық иелерінің бәрі де айрықша атауға лайық. Еңбек адамдарының енесі әрдайым биік, жұмысшы жемісті болғай!

Қазыбек
ӘШІРБЕКҰЛЫ

/// КӘСІП ЖӘНЕ НӘСІП

ТІГІН – ТАБЫСТЫ КӘСІП



Жанақорғандық Ақбота Төлешова 8 жылдан бері тігіншілікпен айналысады. Өзіннің айтуынша, қолөнер, тігіншілік – бүгінде табысты бизнестің бірі. Өйткені, қолдан жасалған дүниеге сұраныс жоғары. Қолөнерді жанына серік еткен ол тапсырыспен түрлі киім тігін халықтың алғысына бөленуде.

Шебер 2017-2020 жылдар аралығында Жанақорған аграрлық-техникалық колледжінің «Тігін

өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығын тәмамдаған. Қолына дипломын алған бойда кәсібін ашу-

БІЗДІҢ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Біздің балалық шағымыз сонау Қызылдың қиясында «Ақтам», «Қарақызыл», «Шаңырақ» деген жерде өтті. Әке-шешеміз Кеңес дәуірі кезінде жылқы бағып, ауыл-ауыл болып, қыс қыстауда, жаз жайлауда көшіп-қонып жүретін. Неше жаста екенім есімде жоқ, әйтеуір «мама» деп сөйлейтін үлкен қуыршағым болғанын білемін. Ол кезде ойыншық жоқтың қасы. Үлкен қыздар кәдімгі шыны бөтелкенің басына орамал тағып, үстіне қолдан киім тігіп, киіндіріп, сәнден, қуыршақ қылып беретін. Сонымен ойнап маз болатын едік.

Асқатқықа сойған малдың жақ сүйектерін, мысалы сиырдың жақ сүйегін (үлкендеу болған соң) сиыр, қойдың жақ сүйегін (кішілеу болған соң) бұзау қылып ойнайтын едік. Сонан соң саз балшықтан аққумен, кесе, төрелке жасап, «үй-үй» ойнаймыз. Баланың ең жақсы көретін тәтті болса, біздің кездегі тәттіміз ирис көміпті, алуа, бұқар жидегі, төртбұрышты шапалақ ақ қант және ағамыз жасаған құрт, ірімшік, брынза, талқан, қуыршақ бидай, күйдірген шекер, т.б. еді. Ауыл баласы болған соң өріске бұзау айдап, әкемізбен бірге ат арқандауға барған кезде көсік, қоянтобық, жабайы жуаны теріп жейтінбіз.

Көсіктің екі түрі болатын, шын көсік және ит көсік. Шын көсіктің жапырағын үзіп алған кезде сүт шығады, ал ит көсіктен сүт шықпайды, соған қарап ажыратамыз. Шын көсікті ғана жеуге болады. Ал қоянтобықтың тамыры тереңге кетеді. Оны біраз қауға тура келеді. Саусақтарының көбесі қауға, әзірге түссен, бірақ теренде жатқан қоянтобықты алып жеген кезде бәрін ұмытасыз.

Ол уақытта Қызылдың қиясындағы ауылда қайдан дүкен болсын? Құндылықты тұрмысқа қажет заттар мен азық-түлік айна бір-екі рет келетін «лавкадан» алып қалады. Ол – кәдімгі бұдқасы бар машинадағы көшпелі дүкен. Шопанлар мен малшы ауылдарда азық-түлікпен, қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз етеді. Онда не тәтті бар, соны алып қалады ата-әжеміз.

Жасым 6-ға келгенде «Сарыбұлақ» ауылындағы интернетка 1-класқа оқуға келдім. Өзім 1979 жылдың аяғында туған соң, әуелі сол жылғылармен оқыдым. Көкемің баласы Бауыржанмен бір партада отырамын. «Спорт» деген жазуы бар қызыл сөмкенің аузын аша алмаймын. Бұрын-

соңды үйден, әке-шешеміздің қасынан ұзап шығатын көрмеген әрі интернетка үйреніспей жылай берген соң үлкен тәтем ауылға хабар айтып, бір айдан кейін «Планета» мототокімен тәтем (әкем) келді. Менің қуанышымда шек жоқ. Содан тәтем мектеп директоры Жолдыбай ағайға «келер жылы оқыр, жасы жетпеген» деп ауылға алып кайтты.

Келер жылы біздің ауылдан мен, Айнур, Алмас, Жанат төртеуіміз де интернетка жатып оқыдық. Түскі асымызды ішіп алып, үй тапсырмасын орындап болып, тәрбиеші апайлар сабақ сұрайды. Сабақты оқып тапсырмасаң, ойыңа шығармайды. Біз «Қызыл жалау», «Тығылспақ», «Қулау-қалау», «Ақсүйек», «Ортаға түспек», «Қалау-қалау», «Шық сақина», «Бес тас», «Жәмі» ойнайтын едік.

Интернетка жатып оқытын малшы балалары үйлеріне тек қаникул кезінде ғана кайтады. Әке-шешемізге бара жатқан соң, қуанышымыз қойнымызға сыймай, көңілденіп, ән айтып маз боламыз. Ал ауылдан интернетка келер кезде кішкентайлардың көңіл-күйі болмай, жылап-сықтап зорға кайтады.

Жазғы үш ай қаникул – біз үшін үлкен қуаныш. Бақандай үш ай бойы өз үйімізде, ата-анамыздың қасында, қарнымыз тоқ, қойлегіміз көк болып жүргенді қай бала қаламайды дейсіз? Есімді білген тұста жазғы қаникул кезінде ағамызға көмектесіп, сиыр сауып, тезек теріп, айран пістік, әкемізге де қолғабыс қылып, бақша суарып, арам шөбін жұлып, малға шөп орып етік. Соның арасында ойында да ұмытпаймыз. Жаздың аптап ыстығында жалаңаш табанымыз ыстық құмға күйіп, даярға суға шомылуға ата-анамыздан қашып кетіп баратынбыз.

Сол кездегі біз үшін ең бір ерекше сәт – жазғы қаникул бітерге тауа тәмиздің 15-нен бастап «Мектеп базарына» Қазалы қаласына бару. Балмұздақ жеп, сағыз шайлап, лимонад ішіп, циркке барып, фотосалонда отбасымызбен суретке түсіп маз болатынбыз.

Иә, санамыздан ешқашан ошпейтін, қайта келмес балалық шағымызды осылай еске алған бір ғанибет екен. Бала кездегі қызықты сәттер еске түсіп, сол күндерге бір саяхаттап қайтқандай болды.

Қымбат МОЛЫБЕКҚЫЗЫ

ды жоспарлайды. Бұл саладағы басты қадамының бірі – «Бастау бизнес» жобасына қатысуы еді. Жоба арқылы өзін дамытып, мемлекеттің қайтарымсыз грантына қол жеткізді.

– Менің анам – тігінші. Кішкентайымыздан ол кісінің тігін берген киімдерін киіп өстік. Анамың қасында жүріп көргенім болмаса, есейгенше қолыма ине ұстамадым. Мені тігінші болады деп ешкім ойламады. Десе де, бұл өнер маған дарыды.

Колледжде түспестен бұрын жеке кәсіпкердің қарамағында жұмыс істедім. Сол жердегі ұстазым Нұрғұл апай ине ұстаудан бастап, киім пішу, етек пен балақты тігуді әрбір деталін меңгертті. Одан әрі шеберлігімді колледжде Аяғөз Әлиева апай шыңдады. Қос ұстазым киім тігуге деген құштарлығымды оятып. Сол қызығушылық білім алып өз кәсібімді бастауыма сеп болды, – дейді Ақбота.

Бүгінде кәсіп жасаймын деген адам үшін мүмкіндік жеткілікті. Соның бірі – мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттар. Оның игілігін жас тігінші де көреді. Ол 565 мың теңге несиеге қол жеткізіп, оған алғашқы тігін машинасын алды. Осылайша «Ақбота» тігін шеберханасын ашып, жұмысын бастады.

Шеберханада жұмыс қызу, тапсырыс та жеткілікті. Әсіресе, балабақша бүлдіршіндері мен жасы ұлғайған кісілердің көйлегіне деген сұраныс жоғары көрінеді. Оның үстіне бағасы қалтаға қонымды болғандықтан келушілер қатары қалың.

– Бұл – жаным жақын мамандық. Өзім жақсы көріп жасайтын кәсібім болғандықтан нәсібімді тауып, тұтынушыларымың алғысын аркалап келемін. Тапсырыс

берген жандардың киімін жеделен уақытта дайындауға тырысамын. Бағасын халықтың қалтасы көтеретіндей қоямын. Кейде «қалтамада осынша ақша бар» деп келетіндер болады. Барына тігіп бере беремін. Ең бастысы – тіккен дүнием халықтың көңілен шықса болғаны, – дейді шебер.

Әңгіме барысында кейіпкер тігіншіліктің тиімді кәсіп екенін де сөз етті. Оның айтуынша елімізде тігін тігудің қыр-сырын үйренгісі келетін қыз-келіншектердің де қатары көбейіп келеді.

– Әрбір істің өзіндік қиыншылығы мен қызығы болады. Тігінде басты талап – икем мен шыдамдылық, жауапкершілік пен тиянақтылық. Адам өз ісін жақсы көріп жасаса нәтиже болады. Қазір тігінге деген қызығушылық жоғары. Ерінбей ізденіп, қарым-қабілетіне сенсе болғаны. Өзім де үйренемін деген жастарға білгенімді бөлісуге дайынмын, – дейді.

Жас кәсіпкер тігіннен бөлек үш жылдан бері киімдерді химиялық тазартумен де айналысады. Қазіргі уақытта оның шеберханасында өзінен бөлек жастар практикасымен келген 5 тігінші жұмыс жасайды. Сіртың аларға тігін тігудің қыр-сырын үйретуде. Ісмер алдағы уақытта шағын кәсібінің ауқымын кеңейтіп, цех ашуды жоспарлауда.

Асыл қасиет кез келген жанға бақ боп қона бермейтіні анық. Халықтың көңілінен шығып, еліміздегі тігіншілік өнердің дамуына үлесе қосып жүрген Ақбота Төлешова-байқызының еңбегі елді сүйсінтеді. Жұмыспен қатар бала тәрбиесін де назардан тыс қалдырмай жүрген алтын қолды шебердің еңбеккерлігі өзеге үлгі боларлықтай.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

1-бет.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.